

Отаншылдық-Отан жан-тәнімен сүйіп, оған қалтқысыз қызмет ету ғана емес. Отаншылдық-ең алдымен өз Отанының тарихи тек-тамырын, ғұмыр жолын, қадір-қасиетін терең білу және өз Отаны үшін асқақ сезімдерге бөлену. Тек білім-білік пен тәлім-тәрбие арқылы ғана отаншылдық сезіміне бөленуге болады.

Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш-білім және білімді ұрпақ. Білімді ұрпақ- егеменді елдің берік тірегі. Біз білімді ұрпақ, білімді тұлға дегенде рухани жан дүниесі бай, білімі мен біліктілігі жоғары, талап-талғамы терең салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастырған тұлғаны айтамыз.

Қорыта айтқанда, жасөспірімдердің рухани-адамгершілік қасиетін қалыптастыру арқылы, толыққанды жетілген азамат тәрбиелеуге болады. Рухани қасиет пен білім беруде адам дамуының рухани үйлесімділігін түйсінуді қамтамасыз етеді. Сондықтан келер ұрпақты тәрбиелеу мен білім беру өзегі, ұлттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік қасиетін қалыптастыруда және ол кезек күттірмейтін мәселе болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеулер// Құрастырған Р. Нұрғалиев – Алматы, 1991, 89 б.

2.Ә.Бейсенова. Дәстүр мен ұрпақ тәрбиесі- ұлттық идеологияның негізі//Егемен Қазақстан. 2006, 19 сәуір, 4б.

3.С.Әбдіманапов. Ұлттық тәрбие қоғамдық пікір тұтастығының кепілі // Егемен Қазақстан 2005,8 сәуір, 3 б.

4. А.Байділдаева. Адамгершілікке баулу бағыттары// Қазақстан мектебі. 2004, №11. 63б.

### **«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ: ДӘУІРЛЕР САБАҚТАСТЫҒЫ**

**Жолдасбаева Л.Ғ.**

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Өскен Ә.М., PhD докторант

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,

Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ.

[Laurazholdasbaeva04@mail.ru](mailto:Laurazholdasbaeva04@mail.ru)

XX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ әдебиеті соны туындыларымен саныкөбейіп, әртүрлі тақырыптар қамтылып, қазақ тіліндегі алғашқы классикалық туындыларжарық көре бастады. Аталған кезеңде жазушылар тобы қоғам өмірі мен ел ішіндегі жайттарды шығарма төңірегінде басты мәселе есебінде көтеріп, түрлі тақырыптарға қалам тербеді. XX ғасырдың бірінші жартысында көбінесе қоғамдық – тарихи тақырыптар, махаббат және әйел өміріне қатысты шығармалар кеңінен жазылды.

Әйел өмірі мен тағдырына, әйел образына байланысты шығармалар қатарына М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы, Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», «Күнікейдін жазығы» шығармалары, Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесін жатқызуға болады. Әр көркем туындыдағы әйелдер бір-біріне ұқсамайтын өзгеше ғұмыр сүргенімен, бәріне ортақ дүние – азаттық, теңдік, бостандық.

«Абай жолы» роман – эпопеясында XIX ғасырдағы әйел, ана рөлін ерекше сыйлап, қастерлеген қазақ халқын көрсетсе, екінші бір жағы қызға қырық үйден тыйым салып өсірген салт пен сананың да көрінісі байқалады. Романда әйел бейнесі қазақы салт – дәстүрлер мен құндылықтар аясында байланыса суреттеледі.

Әйелдер бейнесі қашан да өзекті, әлеуметтік маңызы бар күрделі тақырып болып саналады. Қазақ халқының танымында әйел – от анасы, үйдің берекесі, тәрбиенің бастауы, жылу, мейірім сынды сөздермен пара – пар беріледі. Қазақ халқының танымында әйел – қыз, әйел – ана, әйел – елді аузына қаратқан кейуана, ұлт ұйытқысы ретінде сипатталады.

«Абай жолы» роман – эпопеясында орын алған уақыт кезеңі ХІХ ғасырдың орта тұсындағы қазақ әйелінің әлеуметтік орыны дәстүр, шарифат заңдарымен тығыз байланыста өрбіп отырды. Әйел отбасында басты қызмет атқаратын, ұрпақ тәрбиесіне жауапты, ана болу міндетін атқаруы тиіс адам болды. Аталған кезеңдегі қазақ қоғамында ер адамның билігі үстем болып, патриархалдық құрылым әлеуметті басқарып отырды. Әйел адамдар отбасының төңірегінде ғана қызмет атқарғанымен, өздерінің артынан мол мұра қалдыра алды. Қазақ әйелдері қазақ халқының мәдениеті мен өнерінің ілгері дамуына себепші болған, мәселен зергерлік бұйымдар жасау, қолөнер, киіз басып, кілем тоқу сынды көркем өнер туындылары күні бүгінге дейін көптеген адамдардың қызығушылығын тудыру үстінде. Сонымен бірге әйел адамдар фольклорлық мұраны сақтап, кейінгі ұрпаққа мұра есебінде қалдыру барысында да қызмет атқарды. Оған дәлел мәселен, романның бірінші бөліміндегі Зере әже мен Ұлжан ананың Абайды әңгіме, жыр өнеріне баулуы, Абай төсек тартып қалғанда Барлас пен Байкөкшені қонақ етіп, күтуі осының анық дәлелі.

Әйелдің орыны мен ортаға деген әсері көбінесе оның шыққан тегі мен отбасының жағдайына, күйеуінің қызметіне байланысты болған. Ауқатты тектен шыққан әйел адамдардың қоғамға деген ықпалы, құзыреті жоғары болған. Әйел ру, ағайын арасындағы мәселелерді шешуде ақылшы қызметінде, тоқтау айтатын адам есебінде әрекет етті.

Салт – дәстүр мен шарифат көбінесе әйелдің құқығы мен еркін шектейтін, әйел адамдардың толық оқуына, сауат ашуына, қоғамдық жұмыстарға емін – еркін араласа алуына жағдай жасамады. Әйелдің жеке басының мәселесін көбінесе ата – анасы немесе оған жауапты үлкендер шешіп, қалың малға қызберіп, атастыру салты да кеңінен орын алды. Осы жағдай кейінгі қазақ әдебиетінің классикалық туындыларына арқау болып, жан – жақты қозғалды. ХІХ ғасырдағы қазақ қоғамындағы әйелдер орыны осы сипатта болғанымен, «Абай жолы» шығармасында жазушы М.Әуезов дәстүрлі бейнеден тыс жаңашыл сипаттағы әйел бейнелермен өзге тыныс бергісі келген мотивін байқауға болады.

Роман эпопеяда кездесетін әйел бейнелерінің барлығы дерлік Абай айналасында белгілі бір бөлімдер мен тараушаларда көрініс тапқанымен, әр әйел бейнесі сол замандағы өзекті тақырыптардың боямасын ашу үшін қолданылған. Әйелдер арқылы қазақ қоғамында қалыптасқан салт – жоралғы, әдеп пен түсінікті, тіпті қоғамдық құбылыстарға дейін байқауға болады. Шығармадағы әйелдер образын мынадай үш топқа, үш критерийдің негізінде жіктейді. Олар:

1. Асыл аналар бейнесі;
2. Адал жар мен әйелдер бейнесі;

Осы классификацияның негізінде «Абай жолы» романындағы, онымен қоса тұтас ғасыр бойынша әйелдер бейнесі, әйелдің орыны ашылады. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, роман желісіндегі әйелдер дәстүрлі және жаңашыл сипатта берілген. Дәстүрлі әйелдер бейнесін Ұлжан мен Зере сынды асыл аналар образынан байқауға болады.

Зере – Абайдың ардақты әжесі, аналық махаббаты мен әжелік мейірімін немересіне берген ана [3]. Зере Абайдың үлкен азамат болып қалыптасуына, өсіпжетілуіне себепкер ретінде суреттеледі. Құлағының мүкісі бар, алып денелі әже қатысқан эпизодтарда, мысалы: « - Әй, жаман неме! Маған келмей әкеңе кеттің ғой! Жаман неме!» [ 1, 116], – деп келіп, қасына алып, құшағына Абай барғанда «жаман неменің» артынан бірден «Қарашығым, қоңыр қозым! Абайжаным!» деп әжесі жылауға айналды» [ 1, 116],- деген үзінді жолдарынан көңілі бала, сезімтал кейуананың бейнесін байқаймыз. Дегенмен оның мейірімі, сезімтал көңілінің астарында немерелерін ағайын арасындағы дау мен тартыстан, күншілдіктен сақтағысы келетін терең ой жатыр деп айтуға болады. Бұл ойға абайтанушы ғалым А.Нұрқатовтың: «Зере баласы Құнанбай болыстың қатігездігінен түңілгендіктен, Абайды «әкесі тәрізді ит мінезден сақта» деп жалбарынады. Кейуананың бұл тілегінен ел

тыныштығын, береке – бірлігін тілейтін ізгі ниетін байқауға болады. Мейірім мен берекені ол ұрпақтарына дарытуды мақсат етеді»[4, 1026],-деген пікірін келтіруге болады.

Зере Өскенбай заманынан бері талай тартыс, жорықты, көпті көрген кейуана. Роман – эпопеяның алғашқы тарауында кейіпкер ретінде Абайдың Зереге берген бағасы: «Абай биыл ғана анық байқады, әжесі ерекше шебер әңгімешіл адам екен. Жаз бойы әжесі Абайға небір көп ертекттер айтқан, одан кейін ел ішінде ерте жасынан көрген – білген оқиғаларын да шаршамай әңгімелейтін» [1,516],-деп берілген тұсынан байқауға болады. Зере әженің Абайға айтқан танымдық мәндегі әңгімелері оның азамат болып жетілуіне, бүлдіршін жас Абайдан, ақылды Абайға өзгеруіне себеп болады. Зере бейнесі арқылы автор әже бейнесінің бала тәрбиесіндегі маңызы мен орынын айшықтайды. Прозалық туындыларда «әже» бейнесін шығармаға қатыстырып, оның тәрбие берудегі маңызы М.Әуезов және оның замандас қаламгерлері бастау алады.

Келесі кейіпкер Ұлжан да кішкентай Абайдың алып ақыл иесіне айналуында маңызды рөл атқарған ардақты ана. Ұлжан мен Зере екеуі ұқсас бейнелер болғанымен, Ұлжан – ұстамды, сабырлы, балаларына тәрбие беруде даналық таныта білген салқын ақылдың адамы. Оны шығарманың бірінші томындағы мына үзіндіден: «...Ұлжан тартымды болуымен қатар, сыншы да ана. Баласының әжесімен ойнап, үшкірген мінезіне дендеп, ойланып қарап отырды. Көпшен күлмей, ақырын мырс етіп: «Балам, сені қаладан молдалық әкелді ме десем, нағашыңа тартып қайтқансың ба, немене?»[1,136], - деген жолдардан байқауға болады. Және Абайдың үш күндік алыс сапардан сағынышпен оралып, анасын көріп, беттегенінде: «–Әй, шырағым балам, әуелі ар жағында әкең тұр... Сәлем бер!»[1,96],- деп баласын өзі еміренбестен бірінші әкесіне жіберуі даналықтың, ақылдың белгісі.

Ұлжан мен Абай арасындағы байланыс Абай есейген сайын сырластық, бір – бірін сөзсіз түсінуге ұласады. Мұхтар Әуезов Ұлжан бейнесін жасауда әлеуметтік мәселелерді де қамтып өткен. Мәселен, баласы Абаймен сырлас, мұңдас Ұлжан Абайдың Әйгерімге үйленбек болған жерінде қарсылық тудырады. Оған дәлел: «Көп қатынның бірі мен болғанда, сол көп қатынның бірінен туған көп баланың бірі сен болып өсіп едің. Сырлас, шерлес едік қой. Тәтті ме еді маған да? Жеңіл ме еді саған да? Біз басқан ізді баспаса екен дегенде, мен де бір ойлайтыным – осы бір жер еді» [2, 526] , -деген сөздерінен XIX ғасырдағы көпәйел алу салтына деген автордың қарсылығын тануға болады. Ұлжан арқылы көпәйел алу салтының отбасыға, балаға деген әсерін байқауға болады. Ұлжан мен Айғыз, Ұлжан мен Күңке арасындағы байланыс арқылы әйелдер арасындағы күндестік, қызғаныш пен өкпе сынды қасиеттерден Ұлжанның алыс тұрғаны білінеді. Ұлжан батыл әрі дана адам болса да, патриархалды қоғам мақұлдаған салтты қабылдауға мәжбүр. Десек те күндестік пен қызғанышты балаларына сіңірмей, керісінше бауырмалдыққа, адамгершілікке баулиды. Ұлжан өзінің осы қарсылығымен Абай бойына жаңашыл көзқарастарды сіңіреді.

Құнанбайдың Меккеге аттанар сапарында Ұлжанмен бақылдасуы, Ұлжанның дана ойы оның тағдырға мойынсұнуын, көңілінде қалған дақты ақылға жеңдіруі оның асқан даналық, озық ақыл иесі екендігінің айғағы.

Жазушы, Б.Момышұлының: «Зере мен Ұлжан тек Абайдың ардақты аналары емес, барша қазақтың аяулы анасы. Елінің мұңын мұндап, жоғын жоқтаған аналар есебінде қала бермек» [6], [7] деген пікірін ескерсек, екі кейіпкер ұлттық құндылықтар мен гуманистік идеяларды Абайдың жастық шағынан бойына сіңірген, әрі тәрбие берудің айырықша үлгісін жасаған абзал жандар боп есептеледі. Ұлжан мен Зеренің тәрбиесі қазіргі жас ұрпақты тәрбиелеумен байланысты, сәйкесінше құндылықтар арқылы дәуірлер арасындағы сабақтастық байқалады.

Романда кездесетін келесі бір топ – адал жар мен әйелдер бейнесі. Аталған топқа Ділде, Әйгерім мен Тоғжан образдарын жатқызуға болады. Тоғжан – Абайдың алғашқы ғашығы, бозбала, балғын шақтың мамыражай, бақытты күндерінің символы. Әдебиеттанушы, теоритик З.Қабдолов: «Сылдырлаған шолпысы, былдырлаған тілімен бар сыры мен мұңын жасырын Абайға ғана айтатын аппақ таңдай арман болған – Тоғжан» [3,136],-деп бағалайды. Тоғжан Абай қиялындағы мінсіз жардың бірақ қол жетпес арманның

бейнесі. Тоғжан мен Абай арасындағы байланыс, аңсаған ғашығына қосыла алмай, еріксіз ерге тиген көптеген әйелдердің аянышты тағдырын көрсетеді. Тоғжан мен Абайдың соңғы кездесуі Абай Абылғазы, Ерболдармен боранды түнде адасып, Найман Мотыш ауылына келгенде орын алады. Ес – түссіз, үсіп қалған Абайды көре сала: «–Жасаған-ау! Абаймысыз? Құдай-ау, сізді де көретін күн бар ма еді?! Бауырым-ау!» [2, 279б], - деп кимешек киген Тоғжан құшақтап алады. Алайда, «бауырым» деп Абайдың жанынан шықпай жүруінің себебін сезген Тоғжанның қайын жұрты Абайды кетіруге асықтырады. Боран, адасып келген жолаушы, ес – түссіз хәл барлығы Абай мен Тоғжан арасындағы байланысты жеткізуде автордың қолданған символдық амал – тәсілдері деп ұғынуға болады.

Тоғжанның Абайға: «Тағдыр бізді қоспады. Тым құрса, осы жолы сау келсең, уаз кешкен болар ем. Өміріміздегі бар ұзақарман, ауыр зар бұл жолы да сені маған ауыртып әкеп, тоқтамын салды. Енді сүйген көңіл қайтары жоқ. Бірақ, серігім сабыр болсын дедім. Осы күйде, өзімізге тыйым салған күйде өмір бойы жеткізбеген арман еріп кетсін. Көрге бірге, имандай таза арманым боп кетсін. Асығамын, сол асық күйде көзімнің жасын жұтам да кетемін, жаным!» [2,288б], - деген арыздасу жолдары оның тағдырға көндіккенін дәлелдейді. Автор Тоғжан мен Абайдың махаббаты арқылы махаббатқа да тұсау салған қоғамды ойлап күрсінеді. Дәуірлер сабақтастығы ретінде дәстүрлі әлеуметтің қызға деген шектеуі мен қысымын атауға болады. Тоғжан мен Абай ғашық болса да, дәстүр мен салттың талабынан аттап кете алмайды.

Алшынбай байдың қызы, Абайдың сүйікті балаларының анасы Ділдәні кейіпкер бейнесінде беруде автор өмір шындығын негізге алмай, оны қарама – қарсы образда танытады. Романдағы Ділдә мен Әйгерім арасындағы байланыс әйелдер арасындағы бітіспес күндестік, тар пиғыл және бай қызының кедей қызын шеттетуі аясында көрінеді. Шығармадағы Ділдә мен Әйгерім бір – біріне қарама – қарсы бейнелер. Бай үйінің паң, асқақ қызы Ділдәнің бейнесі Күнке образына белгілі бір дәрежеде ұқсас. Оған дәлел ретінде Ділдәнің: « - Сіңірі шыққан кедейдің қызы босағамды керуге тең бе еді? Енді, міне, желек астында желігін жасыра алмай, күнде-күнде әнін шырқап, тебеме ойнап отыр. Қу кедейдің қызын құтыртып отырған...»[1, 76б],- деп Әйгерімді күндеуі, «–Не ойы болушы еді? Ой ойлағандай боп жүр ме, жары болған соң. Асық жары, сиқыршысы әнші болған соң, жанын салып жүрген де жағынам деп! » [1, 75б],- деген зілді кекесіндері романның бірінші томындағы Күнкенің: « Мырза қалай? Не жай – күйде жүр? Оны ойлап бас қатырмайды ғой Ұлжан. Бас қатырып, қысылса үлкен үйді мырза бардағыдай ұстап, күтпей ме? Арттағы елге үлгі болып, ерінің тілеуін тілеудің орнына өз күнін күтеді, өз тыныштығын сүйеді» - деген сөздерімен мазмұндас келеді. Әйел адамның бойындағы тар пиғыл, өшпенділік осындай ұйты сөздермен сыртқа шығады.

Шығармадағы Әйгерім бейнесін белгілі бір дәрежеде жаңашыл сипаттағы бейне деп айтуға болады. Себебі «Абай жолы» романынан бөлек Әйгерім типтес, еркіндікті сүйетін, әсем өнердің бағасын жетік түсінген ХІХ ғасыр өкілі көркем әдебиетте көп кездесе бермейді. Әйгерім арқылы автор еркіндікті аңсайтын әйел бейнесін , өнерге, әсем әуенге жоғары құрметпен қарайтын шығармашыл бейнені жасайды. Әйгерім шығармашыл болуымен қатар отбасының мүддесін бірінші орынға қоя білген, Абайдың ой – пікірін қолдай білген жар. Бұл образ арқылы автор ХІХ ғасыр ортасындағы әсемдік пен әдепті, парасатты, салт – дәстүрді бойына жинай отырып, жаңашылдықты, заманның талабына сай ғұмыр кешуді түсінген, өткен мен болашақтың ортасындағы көпір бейнені жасап отыр. Ділдә көп жағдайда Әйгерім мен Абай арасындағы сұлу сезімге іріткі салушы, араздық тудыратын адам етіп сурттеледі. Дегенмен Әбдірахман мен Мағауия сынды балаларды дүниеге әкелген Ділдәнің адамшылық қасиеттерден ада еместігі анық [5]. Ол Ұлжан ананың тәрбиесін балаларына дарытқан, оқу мен білімнің маңызын түсінген адам ретінде көрінеді. Ділдә асқақ, батыл, өз тәуелсіздігі мен еркін болмысын қорғауға ұмытылған бейне есебінде байқалады.

Әйгерім мен Ділдә екітүрлі образ болғанымен, отбасылық құндылықтар, адамгершілік, тәрбие сияқты ортақ құндылықтар оларды біріктіреді. Сәйкесінше, дәуір аралық сабақтастық осы құндылықтар негізінде жүргізіледі.

Қорытындылайтын болсақ, «Абай жолы» роман – эпопеясындағы әйелдер образы ХІХ ғасырдағы қазақ әлеуметінің көрінісін қазіргі уақытқа жеткізуде керемет көмекші. Романдағы әйелдер образы қазақ прозасындағы нәзік жандылар бейнесінің ілгері дамуына көп септігін тигізді. Мақалада аталған әйел бейнелер романда басты қызмет атқарған, Абай төңірегіндегі оқиғалардың өрбуіне, шығармадағы Абайдың дамуына себепкер болған көркем образдар. Роман ХІХ ғасырдың орта тұсында, әлеуметтік ортада патриархалды жүйенің орынығып тұрған шағымен тұспа – тұс келеді. Шығармада әйелдер мәселен, Зере – әжелік мейірім мен жылулықтың, Ұлжан – сыншылдық пен сабыр, ұстамдылықтың, Тоғжан – балалық балғын шақ пен тәтті махаббаттың, Ділдә мен Күнке бейнелері әйел бойында кездесетін қызғаныштың, Әйгерім – әсемдік пен сұлу өнердің белгісі іспеттес қызмет атқарып тұр. Дәстүрлі қазақ әйел бейнелерімен қатар жаңашылдыққа бет бұра бастаған, еркіндікке талпыну мотиві Әйгерім бейнесін де кездеседі. Зерттеу барысында романда басты әйел бейнелеріне тоқтала отырып, дәуір аралық байланыс пен ұқсастықтарға тоқтау жасалынды. Байқағанымыздай, романда берілген басты кейіпкерлердің барлығы дерлік отбасы құндылықтарын, адамгершілік пен адамшылықты, өнерді үгіттейді. Әйел басының теңсіздігі сынды кей мәселелер бүгінгі қоғамдағы проблемалармен үндеседі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Біріншікітап. Абай.–Алматы:Жазушы, 2004.–368бет
2. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Екіншікітап. Абай.–Алматы:Жазушы, 2007.–432 бет
3. ҚабдоловЗ.М.Әуезов және оның әсемдік әлемі.–Алматы: 1986. -55б
4. НұрқатовА. Әуезов творчествосы.–Алматы: Жазушы,1965.-102б
5. БалташұлыЕ.Ділдә байғұстың не жазығы бар еді?<https://abai.kz/post/87934>порталы.
6. ҚорасаниҚ. Абайдың әжесі.2020.<https://syрboyi.kz/tagilim/abajdyng-aezhesi-50873/> порталы.
7. ЕрболғанЖ. Ердің анасы-елдің анасы.2015<https://massaget.kz/blogs/erdn-anasyi-eldn-anasyi-baykau-15121/> порталы.

#### КАРАГАНДИНСКИЙ БОТАНИЧЕСКИЙ САД: ЗЕЛЕНОЕ НАСЛЕДИЕ, УТЕРЯННОЕ ВО ВРЕМЕНИ

Есенов А. Т., Архивист 1 категории

КГУ «Государственный архив Карагандинской области по научно-технической документации»

Карагандинский ботанический сад: история, достижения и важность в современном мире.

Карагандинский ботанический сад, основанный в 1940 году, стал не только научным центром, но и символом борьбы за экологическое благополучие в регионе, где активно развивалась угольная промышленность. За 55 лет своего существования сад прошел сложный путь, внес огромный вклад в озеленение Казахстана и оставил после себя наследие, которое продолжает вдохновлять. Сегодня, в условиях глобальных экологических вызовов, опыт Карагандинского ботанического сада становится как никогда актуальным.

Истоки создания: необходимость озеленения промышленного региона

В 1930-е годы Караганда переживала бурный рост как промышленный центр. Строительство угольных шахт и промышленных предприятий привело к ухудшению экологической обстановки. Город, ставший областным центром, нуждался в озеленении, чтобы улучшить качество жизни населения. В 1939 году было принято Постановление СНК